**«КЕЛІСЕМІН»**
Астана қаласы әкімдігінің
«Әдістемелік орталығы» МКҚК
басшысы ___________
С. Даупова
«10» 01 ___________ 2025 жыл

**«БЕКІТЕМІН»**
Ы. Алтынсарин атындағы BINOM school
мектеп-лицейі директоры
Б. Кемелбек
___________
«__» ___________ 2025 жыл

**«Ыбырай Алтынсарин педагогикасы және рухани құндылықтар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясын өткізу туралы**
**АҚПАРАТТЫҚ ХАТ**

**Құрметті әріптестер!**

2025 жылдың 01 наурыз күні Астана қаласында өтетін «Ыбырай Алтынсарин педагогикасы және рухани құндылықтар» білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған республикалық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырамыз. Конференция Ы. Алтынсарин мұрасын насихаттаудағы педагогтердің іс-тәжірибелерін республикаға тарату мақсатында өткізіледі.

**1. Жалпы ережелер**

1.1. Ереже «Ыбырай Алтынсарин педагогикасы және рухани құндылықтар» республикалық ғылыми-практикалық конференциясының (бұдан әрі конференция) мәртебесін, мақсаттары мен міндеттерін, ұйымдастыру және өткізу тәртібін, форматы мен мерзімін, номинациялар бойынша қатысушылардың жұмыстарына қойылатын талаптарды, сондай-ақ оларды бағалау критерийлерін айқындайды.

1.2. Конференцияны ұйымдастырушылар:
Астана қаласы әкімдігінің «Әдістемелік орталығы» МКҚК (бұдан әрі ӘО);
Ы. Алтынсарин атындағы BINOM school мектеп-лицейі.

**2. Конференцияның мақсаты мен міндеттері**

2.1. Конференцияның мақсаты: Ұлы ағартушы Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық мұрасын зерделеу, оның қазіргі білім беру жүйесіндегі

өзектілігін талдау және мұғалімдер тәжірибесінде тиімді қолдану жолдарын ұсыну.
Конференцияның міндеттері:

- қазіргі білім беру үдерісіндегі Ыбырай Алтынсариннің педагогикалық идеяларының тиімділігін талдау: оқу және тәрбиелеу әдістерін зерттеп, заманауи білім берудегі қолданысы бойынша тәжірибе алмасу;
- заман талабына сай білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін тарату, жаңғырту;
- Ыбырай педагогикасындағы адамгершілік құндылықтарды оқу-тәрбие үрдісінде интеграциялау.

**3. Конференцияға қатысушылар**

3.1. Конференцияға орта білім беру және қосымша білім беру ұйымдарының педагогтері, мектеп басшысының орынбасарлары, психологтер мен әдіскерлер қатыса алады.
3.2. Қатысушылар жұмыстарын жеке түрде ұсынады.

**4. Конференцияның негізгі бағыттары**

**4.1. «Ыбырай мұрасы: қазіргі педагогикадағы адамгершілік және ұлттық құндылықтар»**

Бұл бағытта директордың тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары, сынып жетекшілер, мұғалімдер қатыса алады. Ыбырай Алтынсариннің еңбектеріндегі адамгершілік пен ұлттық құндылықтардың тәрбие жұмыстарындағы көрінісі туралы тәжірибе алмасады.

**4.2. «Кел, балалар, оқылық: XXI ғасыр білім беру мотивациясы»**

Қазіргі педагогикадағы Ыбырайдың идеялары, оның оқыту әдістерінің қазіргі замандағы білім беру технологияларымен байланысын қарастыру. Бұл бағытта пән мұғалімдері өз тәжірибесіндегі инновациялық әдістердің қолданылуы, Ыбырай шығармаларын оқытудағы жаңа бағыттар, білім берудің заманауи трендтерімен тәжірибесімен бөліседі.

**4.3. «Дүние қалай етсең табылады?»**

Бұл бағыт ұстаздық жолында жеке бренді (жеке білім беру платформалары, You Tube арналары, т.б.) қалыптасқан заманауи және креативті ұстаздар тәжірибесін бөлісу алаңын құруды көздейді. Мультимедиялық құралдар: мұғалімдердің Ыбырай еңбектері не басқа да тақырыптарда әзірлеген интерактивті оқыту құралдарымен, дайын не өздерінің цифрлық білім беру ресурстарымен бөлісулерін мақсат етеді.

**5. Конференцияның шарттары мен өтетін орны, уақыты**:

5.1. Конференцияның жұмыс тілі: қазақ тілінде

- **Өту форматы**: офлайн
- **Күні**: 01 наурыз 2025 жыл

- **Өтетін орны**:
  Астана қаласы, Ы. Алтынсарин атындағы BINOM school мектеп-лицейі (Төле би - 42)

Конференцияға қатысу үшін өтінім (1-қосымшаға сай) және материалдар (мақала 2-қосымшаға сай) **2025 жылдың 10 ақпанына дейін** ybyrajaltynsarin952@gmail.com электронды поштаға жіберілуі тиіс.

2025 жылдың 10-20 ақпан аралығында жіберілген жұмыстар іріктеуден өтеді. Іріктеу қорытындысы бойынша білім беру ұйымдарына ӘО атынан хат жіберіледі. Іріктеуден өткен жұмыс авторлары презентацияларын (3-қосымшаға сай) 25 ақпанға дейін жоғарыдағы электронды поштаға жібереді.

Конференция жұмыстары шара өткен күннен кейін бір айдың ішінде электронды жинаққа енгізіліп, ӘО сайтында (https://astana-modern.edu.kz/) жарияланады.

5.2. Конференция жұмысы келесі форматта ұйымдастырылады:

- пленарлық отырыс;
- секциялық алаңдар жұмысы.

Секциялар саны қатысушылардың ұсынылған жұмыстарына байланысты анықталады.

Әр қатысушыға 5-7 минут уақыт беріледі.

**6. Ұйымдастыру комитетінің міндеттері**

6.1. Конференцияның ұйымдастырушылары:

- қатысушылардың өтініштерін қабылдайды;
- конференция бағдарламасын дайындайды, өткізеді;
- мақалар жинағын (электронды түрінде) шығарады.

6.2. Ұйымдастыру комитеті конференция қорытындысы бойынша қатысушыларға ӘО атынан Сертификаттар табысталады.

**7. Ұйымдастыру комитеті**

- + 7 775 117 8221 Маман Жанар Сейтахметовна
- +7 702 857 9393 Арапов Жандос Маратович
- + 7 771 192 4212 Жунусова Гульзия Габдулуахитовна
- +7 747 818 7946 Ибраева Гульназ Манатовна
- Электронды пошта: **ybyrajaltynsarin952@gmail.com**

Конференцияны өткізу тәртібі осы Ережеде көрсетілген талаптарға сай жүзеге асырылады. Барлық қосымша ақпарат ұйымдастыру комитетінің тарапынан беріледі.

**1-қосымша**

**«Ыбырай Алтынсарин педагогикасы және рухани құндылықтар» атты республикалық ғылыми-практикалық конференциясына қатысуға**

**ӨТІНІМ**

| | |
|---|---|
| Автордың толық аты-жөні | |
| Жұмыс орны, лауазымы, ғылыми дәрежесі | |
| Қала, елі | |
| Бағыт атауы | |
| Мақала/баяндаманың тақырыбы | |
| Байланыс телефоны | |
| электронды пошта | |
| Баяндама жасауға қажетті техникалық құралдар (ия/жоқ) | |

**Ескерту:** өтінім мектеп директорымен бекітілген және Microsoft Word форматындағы нұсқасының да болуы шарт.

Өтінім құжаты автор АТӘ және мектебімен жазылсын.

**2-қосымша**

**Мақалалардың мазмұны мен рәсімделуіне қойылатын талаптар**

Жұмыс көлемі: 5-7 бет.

Құжат форматы: Microsoft Word, Times New Roman, шрифт көлемі – 14, жол аралығы – 1.5. 5.3. Жоғарғы және төменгі жақтарынан – 2 см, сол жақтан – 3 см, оң жақтан – 1 см. Сілтемелер төртбұрышты [ ] оларды мәтінде корсету ретімен беріледі.

Жұмыс құрылымы:

- Тақырып атауы (14 шрифт, қалың бас әріппен, ортаға жазылады, нүкте қойылмайды);
- Автордың аты-жөні, жұмыс орны (1,5 интервалдан соң 12 кеглмен төменгі оң жақ бұрыш);
- Қазақ (ағылшын) тілінде аннотация (150-200 сөз, 11 өлшемді курсивпен)
- Кіріспе (мәселенің өзектілігі);
- Негізгі бөлім (зерттеу нәтижелері, тәжірибелік ұсыныстар);
- Қорытынды (түйіндеме, ұсыныстар);
- Пайдаланылған әдебиеттер тізімі (кемінде 3-5 дереккөз).

**3-қосымша**

**Презентацияға қойылатын талаптар:**

1. Слайдтар саны келісілген саннан (10-14 слайд) артық немесе тым аз болмауы керек.
2. Слайдтарды безендірудің әр түрлі үлгілерін пайдалану қажет.
3. Титулдан басқа барлық слайдтар нөмірленуі тиіс.
4. Слайдтарда әртүрлі мультимедиа файлдары болуы керек: суреттер/клиптер, дыбыстар/сөйлеу.
5. Әр слайдта сөз саны 25-тен аспауы керек (слайдтың жартысынан кем).
6. Гиперсілтемелерді, диаграмманы, графикалық нысандарды қолданған абзал.
7. Слайдтағы түс бояғыштарын және түстердің (3 түстен көп болмауы) үйлесімділігін, сондай-ақ дұрыс таңдалған қаріпті сақтау.